



СҮЙІНШІ!



ҰБТ: ЕҢ ЖОҒАРЫ БАЛЛ - 133

Баянауыл ауданы бойынша Ұлттық бірыңғай тестілеуден ең жоғары балл жинап, көптің назарын аударған талапты түлек – Аян Рахимов. Мақсат қойып, соған жетудің нақты үлгісін көрсеткен жас түлек 133 балл жинап, биылғы ҰБТ-ның үздік нәтижесіне қол жеткізді. Бұл – биылғы Баянауыл ауданы бойынша ҰБТ-ның ең жоғары көрсеткіші.

– 1-5 сыныпты 3.Ақышев атындағы мектепте оқыдым. 6 сыныпта Шәкен Айманов атындағы мектеп-интернатқа ауыстым. Бүгінгі күні осы білім ордасын аяқтап отырмын. Ұлттық бірыңғай тестілеуді үш рет тапсырдым. Алғашқы екеуінде 129 балдан алдым. Соңғысын 19 мамыр күні тапсырдым. ҰБТ сұрақтары қиын болды. Ең бастысы – тұрақты дайындық. 10 сыныптан бастап дайындалған жүйелі еңбегім өз нәтижесін берді. Болашақта IT саласын зерттеумен айналыссам деймін. Құжатымды Астана IT университетіне тапсырмақшымын, - дейді «Алтын белгі» иегері Аян Рахимов.

Аянның таңдау пәндері –

информатика және математика. Информатика пәніне қызығушылығы 5 сыныпта оянған. Отандық жоғары оқу орнына түсуге бел буып отырған Аян отбасының үлкені. Әкесі Марат Рахимов – зейнеткер, анасы Айгүл Дәуренбекова Ш.Шөкин атындағы №2 мектептің бастауыш сынып мұғалімі.

Аян үздіксіз дайындықтың арқасында осындай жетістікке жетіп отыр. Осындай дарынды жастар – еліміздің ертеңіне сенім ұялататын шынайы үміт. Білім жолында қажыр-қайрат танытып, жоғары нәтиже көрсеткен әрбір жастың табысы – елдің табысы.

Айдана АЙТУҒАН

ЕҢБЕК ЖАСАҒЫ

«ЖАСЫЛ ЕЛ»: 80 ЖАС АЗАМАТТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТИДЫ



Облыстық «Жасыл ел» штабы арқылы ауданға қосымша 20 квота бөлінген. Ауылдық округтер бойынша Ж.Аймауытов ауылынан – 1, Лекерден – 2, Жаңатілектен – 2, Жаңажолдан – 4, Бірліктен – 2, Ақсаннан – 3, Қаражардан – 1, Құндыкөлден – 1, Күркеліден – 1, Қаратомардан – 1, Сәтбаев ауылынан – 1 және Ұзынбұлақтан 1 бала жұмыспен қамтамасыз етіледі.

– «Жасыл ел» жасағының негізгі жұмысы – экологиялық және абаттандыру жұмыстары. Жастар Жасыбай, Сабындыкөл, Торайғыр жағажайларын тазалайды, «Қоңыр әулие», «Кемпір тас» сияқты киелі орындардың айналасын жинайды.

«Жасыл ел» жастар еңбек жасағының маусымдық жұмысы биыл да ұйымдасқан түрде жүргізілуде. Бағдарламаның басты мақсаты – жасөспірімдер мен студенттерді еңбекке баулу, отансүйгіштікке тәрбиелеу және туған жердің экологиялық тазалығы мен абаттандыруына үлес қосу.



– «Жасыл ел» жасағына биыл ауданнан 60 сарбаз қабылданады. Олар маусым, шілде, тамыз айларында 20 адамнан кезекпен жұмыс істейді. Аудандық бюджет есебінен бұл сарбаздарға 6 миллион 327 мың теңге қаражат бөлу жоспарланған. Айта кетерлігі, өткен жылы 5100,0 мың теңге бөлінгенді. Еңбекақылары 85 мың теңгенің шамасында. Жұ-

мысқа 16 жастан жоғары жастар қабылданады. Біз бірінші кезекте толық емес, аз қамтылған, көпбалалы отбасылардың балаларын, мектептегі өмірдің қиын жағдайына тап болған балалар және арнайы әкімшілік тізімде тұрған оқушыларды еңбек жасағына қабылдаймыз, - дейді «Жасыл ел» жетекшісі Ринат Ильдин.

Саябақтар, скверлердің қоршауларын сырлап, арнайы егілген гүлдерді арамшөптен тазартып, ағаштарды суарады. Сонымен қатар «Жасыл ел» сарбаздары абаттандыру жұмысымен ғана шектелмейді. Олар қарттарға құрмет көрсетуге бағытталған «Ардагер тайм» акцияларына қатысады. Жұырда «Сарыадыр» бұлақ басына, Торайғырға тазалық жұмыстарымен барып қайтты. Алдағы күндері Сабындыкөл жағасында «Көркем Баянауыл» атты экологиялық акция ұйымдастырамыз, - дейді Ринат Ильдин.

Жазғы еңбек маусымы – жастарды еңбекқорлыққа баулумен қатар, туған жер табиғатына деген жанашырлық сезімін қалыптастыратын маңызды кезең. «Жасыл ел» жасағы осы бағытта ауданда табысты жұмыс атқарып келеді.

Мерейім ЖАСҰЛАНҚЫЗЫ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

АУЫЗ СУ

БАЛАЛАРҒА ОЙЫН АЛАҢЫ САЛЫНУДА

Ауылға көңіл бөлу және оның жағдайын жақсарту – мемлекеттік мәні зор іс. Кез келген экономикалық реформаның түпкі мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру. Бұл ретте ауданымызда атқарылып жатқан жұмыстар легі аз емес. Дегенмен, шешімін күткен мәселелер де жоқ емес.



Баянауылдықтардың бір өтініші – Абай көшесіне ойын алаңын салу. Тұрғындардың өтініші құп болып, жоба іске асырылуда. Мердігер – «Tor Altai Nuclear Management»

ЖШС. Жобаны жүзеге асыру үшін 14 879 031 теңгеге келісімшарт жасалған. Ойын алаңының жалпы аумағы – 400 шаршы метр.

Балалардың ойын алаңына қазіргі таңда барлық кіші архитектуралық формалар орнатылды. Ойын жабдықтарының орны белгіленіп, бекітілуде. Аумаққа резеңке жабынды төсеу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, алаңға дейін көше жарығын орнату жоспарланған. Бүгінде жұмыс көлемі 90%-ға орындалды. Алдағы күндері жұмыс толығымен аяқталып, балалар игілігіне беру көзделіп отыр.

Иә, қуанса балалар қуанса екен. Себебі, олар ертең елімізді көркейтеді, спорттық аренада олжа салады. Мұндай игілікті істер алдағы уақытта да жалғаса берсе деп тілейміз.

М.ҚАЙРАТ

ШОНАЙҒА СУ ТАРТЫЛУДА

Шонайлықтар енді құдықтан қауға шелекпен су тартып, битонмен су тасымайды. Көп тілеуі орындалып, Шонайға ұзындығы 2812,3 метр болатын су құбыры тартылуда.

Бір ай бұрын басталған құрылыс жұмыстары бүгінде 50 пайызға орындалыпты. «Баянауыл ауданы экономикалық нақты сектор бөлімі» ММ-нен алынған ақпаратқа сүйенсек, Шонай ауылында су құбырының құрылыс-монтаж жұмыстарына Екібастұз қаласының «ГИДРОПРОМ» ЖШС-і, ал техникалық қадағалауына Шымкент қаласының «MegaStroyServis» ЖШС, авторлық қадағалауына

Павлодар қаласының «Kaz-СтройПроектПВ» ЖШС жауапты. Су құбыры толығымен қыркүйек айында аяқталуы тиіс. Жобаның жалпы сметалық құны – 1 230,798 миллион теңге. Бір айта кетерлігі, мердігерлік ұйым «ГИДРОПРОМ» ЖШС-і су құбырын тұрғындар үйінің фундаментіне дейін тегін тартып беруге келіскен. Бүгінгі күні 620 метр құбыр салынып, 14 құдық орнатылған.

М.ҚАЙРАТ



ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

ЖАҢА ӘСКЕРИ ШАҚЫРУ ПУНКТІ САЛЫНУДА



Баянауылда ескі ғимараттардың бірі – аудандық әскери шақыру пункті. Ғимараттың қабырғасы 1900 жылы қаланған. 125 жылдық тарихы бар ғимараттың әбден тозығы жеткен. Қабырғасы сөгіліп, не сылақ тұрмайды, не бояу жағылмайды. Бір сөзбен айтқанда ғимарат қызметкерлер үшін де, мемлекеттің мүлкі үшін де өте қауіпті еді. Жаңа ғимарат салу жайы облыс әкімі Асайын Байхановпен өткен жиындарда көтерілген. Нәтижесінде ғимараттың құрылыс құрылымдарына техникалық тексеру жүргізген арнайы сараптамалық орталық ғимараттың техникалық жағдайын қауіпті деп қорытынды шығарған.



2023 жылы жаңа ғимарат салуға жобалық-сметалық құжат әзірленді. Содан кейін жоба сараптаманың оң қорытындысын алды. Қаражат бөлуге өтініш өткен жылы берілсе, биыл бұл өтінім мақұлданған. Міне, бүгінгі күні түйткілді мәселе оң шешімін тауып, ескі ғимараттың орнына жаңа ғимарат бой көтеруде.

Ескі ғимарат толығымен бұзылып, жері тегістелуде. Айналасына уақытша қоршау орнатылып, нысанға құрылыс материалдары жеткізілген. Байқау нәтижесінде ғимаратты салуға «ENDEAVOUR ПВ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мердігер болып табылды. Жаңа ғимарат салу үшін мемлекет қазынасынан 338 млн теңге бөлінген. Құрылыс қыркүйекте аяқталады деп күтілуде.

Елдің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ететін ғимарат тек әскерге шақырылушыларды тіркеу ғана емес, сонымен қатар жастармен патриоттық жұмыстарды жүйелі түрде жүргізетін нысан болады деген сенімдеміз.

Мерейім ҚАЙРАТ

«ТАНЫМДЫҚ КЕРУЕН» САПАРЫ



ҚЫЗЫЛТАУДЫҢ КИЕЛІ ОРЫНДАРЫН АРАЛАДЫ

Академик Қ.И.Сәтбаевтың мемориалдық музейі жоспарға сәйкес балалар үшін мәдени-танымдық демалыс ұйымдастыру мақсатында «Танымдық керуен» жобасын қолға алды. Жоба аясында жастар Қызылтау өңіріндегі киелі орындарға сапар жасап қайтты. Экспедицияға аудандық Жастар орталығының «Жасыл ел» жасағының мүшелері мен Ж.Аймауытов ауылының бір топ жастары қатысты. Киелі мекеннің тарихынан сыр шерту үшін өңірімізге белгілі өлкетанушы, Қызылтау өңірінің тумасы Рамазан Дінісұлы арнайы шақырылды.

Сапар Алаш қайраткері, жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың бастамасымен 1921-1929 жылдары салынған «Мәдени кіндік» атты рухани тәрбие және білім беру қалашығы тұрған жерді аралаудан басталды. Қатысушыларға оның тарихи орны мен белгі тасы туралы мол ақпарат берілді. Экспедиция аясында жазушының кіндік қаны тамған Дәндебай мекені көрсетіліп,

сол маңдағы үлкен қорымда жерленген ата-анасы мен ата-бабаларының зираттары жайлы мәлімет ұсынылды. Бұдан кейін жастар Ж.Аймауытов ауылынан тоғыз шақырым жердегі көне қорымдар аймағына барды. Өлкетанушы Рамзан Нұрғалиев бұл ескі қорымдардың әлі ғылыми тұрғыда толық зерттелмегенін атап өтіп, оның құпиясы мен тарихи құндылығы зор екенін айтты.

Ондағы алып тастардан қаланған бейіттердің өзіндік ерекшелігін де тілге тиек етті. Сапар соңында қатысушылар әулие Қызылтау тауының етегінде орналасқан Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының туған ауылына барып, ғұламаның өмірі мен шығармашылығы туралы деректермен танысты. Жалпы бұл танымдық шара өскелең ұрпақ үшін туған өлке тарихын тереңірек тануға үлкен мүмкіндік берді. Қатысқан жастар туған жердің киелі орындары мен тарихи тұлғалары жайлы мол мағлұмат алғандарын айтып, ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді.

Сансызбай Сапарғалиев,
музей қызметкері

ІС-ШАРА

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА АРНАЛДЫ

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында «Білім» білім беруді және мәдениетті дамыту қоры» ҚҚ «Баянауыл ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында «Баянауыл ауданының тұрғындары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу» жобасы бойынша жұмыс жүргізді. Сонымен, аудандық кітапхана ғимаратында Баянауыл ауданындағы жас ақындар арасында «Сыбайлас жемқорлық – ғасыр дерті» жобасы аясында айтыс өтті. Жиналғандар арасында ауданның құрметті тұрғындары мен мәдениет қызметкерлері де болды.

Құрметті қонақ ретінде айтыскер ақын Павлодар қаласындағы Қ.Н.Бекхожин атындағы орта мектеп Кәрібай Нұрбек Бекірулы шақырылды. Ол жиын басында «Айтыс негіздері, ұстанымдары және негізгі ережелері» тақырыбында жаңадан бастаған ақындарға шеберлік сабағын өткізді. Мұнан соң ақындар Нұрбек Кәрібай мен Жеңісбек Пәзіл айтыстың шын мәнінде не екенін жан-жақты көрсетіп, көрермендерді тәнті етті.

Одан кейін Майқайың ауылында «Сыбайлас жемқорлықсыз ел» тақырыбында ауыл жастары арасында аудандық пікірсайыс турнирі өтті. Қазылар алқасы ретінде облыстық турнирлердің төрешісі

Н.Кәрімов, пікір сайысшы Д.Өмірбек шақырылды. Дебат ойындары «Британдық парламенттік формат» форматында өтті. Алты сағатқа созылған шешендік айтыстардан кейін жеңімпаздар анықталды. Нәтижесінде бірінші орынды Мәшһүр Жүсіп Көпеев атындағы мектептің командасы жүлделі бірінші орынды иеленді. Екінші орын – Кеменгерова орта мектебінің командасына, үшінші орын – №2 Майқайың мектебінің командасына бұйырды.

Жас мемлекеттік қызметшілер арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі қағидалары» тақырыбында семинар ұйымдастырылды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет-

тің Павлодар облысы бойынша департаменті профилактикалық бөлімінің бас маманы Әлия Есімханова, облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Еркеғали Жанғазы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтер Жанат Сарбасов сөз сөйледі. Семинар диалог алаңы форматында өтіп, әркім сыбайлас жемқорлықпен қалай күресуге болатыны туралы өз пікірімен бөлісе алды. Сондай-ақ мектептегі «Адал ұрпақ» клубтары арасында «Жайдарман» өткізу жоспарлануда.

Жанат Сарбасов,
«Білім» білім беруді және мәдениетті дамыту қоры» ҚБ жетекшісі

ХАБАРЛАНДЫРУ

«IBM Gold» ЖШС «Павлодар облысындағы Майқайың байыту фабрикасының №2 қалдық қоймасының құрамында алтыны бар полиметалл кендерінің техногендік минералдық түзілімдерін өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына рұқсат беру құжаттамасы» бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Өтетін орны: Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Майқайың кенті, Майқайың кенті, Астана көшесі 52, Майқайың кенті әкімінің аппараты.

Өтетін күні мен уақыты: 2025 жылғы 18 тамыз сағат 11:00-де.

Zoom конференциясына қосылыңыз: <https://us04web.zoom.us/j/3470828229?pwd=oq4hqbJMDjdTK44WxtuGMUWvJGRa3.1&omn=78272892110> конференция идентификаторы: 347 082 8229 кіру коды: 123456.

Жобалық құжаттама орналастырылған ndbecology.gov.kz жоспарланған қызмет туралы қосымша ақпаратты қоғамдық тыңдаулар өткізу кезінде, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін e-mail арқылы алуға болады: ibm.gold@mail.ru және тел: 87787419151.

Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратқа жұртшылықтың қолжетімділігін қамтамасыз етуге жауапты ЖАО – «Павлодар облысының жер қойнауын пайдалану, қоршаған орта және су ресурстары басқармасы» ММ, Павлодар қ., Жеңіс алаңы 5Б, Тел: +7 (7182) 32-66-18, электрондық мекенжайы: unosvr@mail.ru.

Бастамашысы: «IBM Gold» ЖШС, мекен-жайы: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ақ көшесі. Бектұрова, 22, 310 кеңсе. БСН 150540015194, ibm.gold@mail.ru.

Жобаның орындаушысы: ЖК Дробот М. в., ЖСН 831109450605. Астана қ., Пушкин к-сі, 15 үй, 17 пәтер. тел. +77787419151. Email: borohova2014@mail.ru.

Географиялық координаттары: ендік: 51026'58,28" С, бойлық: 75048'16,77"В.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «IBM Gold» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по «Разрешительная документация к Плану горных работ по добыче техногенных минеральных образований золотосодержащих полиметаллических руд хвостохранилища №2 Майкаинской обогатительной фабрики в Павлодарской области».

Место проведения: Павлодарская область, Баянаульский район, Майкаинская п.а., п.Майкаин, улица Астана 52, аппарат акима поселка Майкаин.

Дата и время проведения: 18 августа 2025 года в 11:00.

Подключиться к конференции Zoom: <https://us04web.zoom.us/j/3470828229?pwd=oq4hqbJMDjdTK44WxtuGMUWvJGRa3.1&omn=78272892110> Идентификатор конференции: 347 082 8229 Код доступа: 123456

Проектная документация размещена на ndbecology.gov.kz. Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, при проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно получить по e-mail: ibm.gold@mail.ru и по тел: 87787419151.

МИО ответственный за обеспечение доступа общественности к информации о проведении общественных слушаний – ГУ «Управление недропользования, окружающей среды и водных ресурсов Павлодарской области», г. Павлодар, площадь Победы 5Б, тел: +7 (718 2) 32-66-18, электронный адрес: unosvr@mail.ru.

Инициатор: ТОО «IBM Gold», адрес: Павлодарская обл. г. Павлодар, ул. Ак.Бектұрова, 22, офис 310. БИН 150540015194, ibm.gold@mail.ru.

Исполнитель проекта: ИП Дробот М.В., ИИН 831109450605. г. Астана, ул.Пушкина, дом 15, квартира 17. тел. +77787419151. Email: borohova2014@mail.ru.

Географические координаты: Широта: 51026'58,28"С, Долгота: 75048'16,77"В.

ЕҢБЕКІМЕН ЕЛЕУЛІ ЕРЛАН

Ерлан жастайынан әкенің тәлім-тәрбиесін көріп, еңбекқорлық, шыдамдылық қасиеттерін бойына сіңіре білген жігіт. Адам мінезінің қалыптасуына, өскен орта мен әдет-ғұрпының, туған жер табиғатының да әсері аз болмайтынын жиі аңғаруға болады. Ерланның өзіне тән байсалдылық, қазақы сыпайылық, еңбекқорлық қасиеттері ата-анасына, отбасынан дарыды деп айтуға болады. Ерланның әкесі Қабікен екінші дүниежүзілік соғысқа бастан-аяқ қатысқан майдангер. Сұрапыл соғыстан аман-есен келіп ауылда жүргізуші болып адал еңбек етті. Отбасының сүт кенжесі болған Ерланды жастайынан еңбекке баулып, болашағына алаңдаған әкесі «Осы балам жалқау болмаса екен, нанын адал тауып жесе жаным жай табар еді» деп қыздарына айтып отырған.

Ерланның үлкен әпкесі Рымкеш Қабікенқызы жұбайы Зияда Әубәкіров екеуі тоқсаныншы жылдары жекешелендіру науқаны кезінде аз ғана малдың басын құрап шаруа қожалығын құрған еді. «Тұз» шаруа қожалығының жұмысы енді жанданып келе жатқанда Зияда аға ұзаққа созылған науқасы меңдеп бақилық болды. Осынау қиын кезеңде Рымкеш апайының қасынан табылған Ерлан Қабікенұлы жас болса да шаруа тізгінін өз қолына алды. Ерлан 1992 жылдары Целиноград ауыл шаруашылығы институтын тәмамдап, еңбек жолын «Майкөбе» көмір кенішінде бастаған еді. «Тұз» шаруа қожалығының жұмысын қолға алған күннен бастап Ерлан ауыл шетінде көп жылдардан бері қаңырап бос тұрған автогаражды меншігіне алып, 2010 жылы мал сою алаңын ашты. Фимараттың басқа бос бөлмелерін кеңейтіп кірпіш өндіретін цех ашты. Аз уақыттың ішінде кірпіш өндіру жұмысы алға басып, оған деген сұраныс арта бастады. Көп оқып көп ізденетін, жаңашылдыққа жаны құмар жас жігіт өз қаражатына Ресейден кірпіш жасап шығаратын арнайы құрал-жабдықтарды сатып әкелді. Кірпіш өндіруге қажетті әк, шлак, цемент өнімдерін «Керегетас», «Шөптікөл», Павлодардан өзінің жеке меншік «КамАЗ» көлігімен тасып әкелу жұмыстары да оңайға түспегені анық.

Қазір қай ауылға, қай елді мекенге жолыңыз түсіп бара қалсаңыз, азын-аулақ кәсібін дөңгелетіп, мал шаруашылығын өркендетіп жүрген жастардың көбейе бастағанын байқайсыз. Еңбек десе ерінбейтін, «туған жерім – тұғырым, ауылым – алтын бесігім» дейтін жігіттер замана көшіне ілесіп, шаруа қожалықтарын құрып игі істердің ұйтқысы болып отыр. Сондай ел азаматтарының бірі – Ерлан Нығметжанов.



«Талпынған жетер мұратқа» демекші, кірпіш шығару ісі әу бастан сәтті басталды. Ауыл ішінде жергілікті тұрғындар монша, үй-жай, қора салу жұмысына Ерланның шығарған кірпіштерін пайдаланды. Ерланның кірпіштерін көршілес елді мекендерден сатып алып әкетушілер қатары арта түсті. «Еңбекке икемді болсаң, еліңе сүйкімді боласың» деген сөз бар халқымызда. Көпбалалы отбасында ержетіп, аға-апайларының ықпалымен еңбекке жастайынан араласқан Ерлан қандай қиындықтар кездессе де тығырықтан шығудың жолдарын таба біледі. 2012 жылдары Ерлан басқарған «Тұз» шаруа қожалығының есебінде 100-ден аса қой-ешкі, ірі қара, жылқы малы болды. «ДТ-75», «МТЗ-80» маркалы екі тракторы, бір «КамАЗ» және «Нива» жеңіл көлігі болса, қазіргі таңда төрт түлік мал басы екі-үш есе көбейіп, дарқан дала төсінің көркіне айналды. Уақыт өткен сайын заманауи жаңа техникалар сатып алды. Мал тұқымын асылдандыру ісін қолға алды.

Иә, адам баласына берілетін ең жоғары әрі жүрекке жақын баға – абырой. Халқымыз мұны «тірнектеп жиналады» деген философиялық тереңдікпен әу бастан-ақ биіктетіп қойған. Ерлан да сондай жандардың қатарынан табылады. Ерлан Қабікенұлы өз еңбегінің жемісін көріп қанаттанған, өзі аузынан тастамайтын «Мен туған ауылымды көркейтуге тиіспін. Халқыма көмектесуге міндеттімін» дейтін азаматтардың санатынан. Қарап отырсақ, тіршіліктің төл төбіреністері, өмірдің мәні мен ұғымын ұзартар қағидаттар

барына тәубе дейміз. Ерлан жүрегінің кеңдігімен, парасатының биіктігімен, ауылдастарына қайырымдылық көрсететін адамгершілік қасиетімен, еңбекқорлық қасиетінің жоғарылығымен ел аузында жүрген азамат. Туғалы ұлы дала төсінде табиғатпен сырласқан қарапайым еңбек адамы үшін мұндай пайым таңсық емес. Ауыртпашылықтан қашпай, қиындыққа қасқая қарсы тұра білетін Ерлан Қабікенұлы қыстың көзі қырауда техникаларын сақдай-сай етіп қояды.

– Азын-аулақ еңбегі ел кәдесіне жарап отырған отбасымызда ең кенже ұл болса да кішкентайынан елгезек болды, – дейді Рымкеш Қабікенқызы. – Әкеміздің қанымен, анамыздың ақ сүтімен бойына дарыған тәрбиенің нәтижесі болар. Ерланның маңдай тер, адал еңбегінің арқасында алдына қойған мақсатына жетіп, қоғамға өз пайдамды тигізсем, ел-жұртыма шарапатым тисе деген ізгі ниетін әрдайым қолдап отырамын.

Барлығы 4-5 адамды жұмыспен қамтып отырған Ерлан Нығметжанов олардың айлық жалақыларын уақытылы төлеп отырады. Өйткені бәрінің бала-шағасы бар.

«Жүрегі жылы, бойы құрыш, туысы жаннан бөлекті» деп ұлы Абай ағайын айтып кеткендей, Ерланның ағайын-туыстарына деген бауырмалдығы шексіз. Өмірден ерте кеткен аяулы ағалары Ерсайын мен Ертайдың артында қалған балаларына да бас-көз болып, оларға көмектесіп жанашырлық танытып отыруы нағыз азаматтық, үлкен адамгершілік емес пе?!

Ауыл-аймақ көлемінде өткізіліп отыратын қайырымдылық шараларына да белсене қатысып, демеушілік танытып жүретін Ерлан мен әпкесі Рымкешке ел-жұрты риза. Тұрмысы төмен отбасыларға қажет кезінде көмектескен Ерланның жақсылығын көрген отбасыларды да білеміз. Бүгінгі нарық заманы нардың жүгін арқалар, намысын найзағайға жаныған, іс тетігін ілкімді алып жүретін азаматты талап етеді. Көңілі көреген, көкірек көзі сәулелі жігіт қана дйттегеніне жетеді. Оның жұрт алдында беделі биік, берері көп. Адам бойындағы асыл қасиеттер мінезден туындайды. «Асыл адам айнымас» деп ұлы Абай айтқандай, оның асыптасыған, менменсіген кезін көрмейсіз. Әрдайым қарапайым, елеусіз күн кешіп келеді.

Айта кетерлігі өз қам-қарекетімен айналысып отырған Ерлан Нығметжанов өткен жылы III дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісімен марапатталды. Бұл – Ерланның ұзақ жылғы маңдай тері мен адал еңбегінің өтеуі деуге толық негіз бар. Қашанда қол жеткенге тоқмейілсімейтін, қарапайым азамат үшін туған жері – алтын бесік. Ерлан жұбайы Нұрсұлмен бақытты ғұмыр кешіп ұрпағының бақытына бөленуде. Ерлан Қабікенұлының ұстанымы – өзіне сену. Ол – жақсылық шарапатымен, адами құндылығымен ел-жұртының құрметіне бөленіп жүрген азамат.

**Бағзад Нұртайқызы,
жергілікті тілші**

СЕМИНАР-ТРЕНИНГ

«Қазақстан Республикасындағы отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде іс-шаралар өткізу» жобасы аясында «Білім» білім беруді және мәдениетті дамыту қоры» қоғамдық қоры «Баянауыл ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында Майқайың ауылында «Өмірге құштарлық» тақырыбында танымдық семинар-тренинг өткізді. Тренинг Әуезов атындағы мектебінде өтті.

«ӨМІРГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ»

Мақсаты – неке мен отбасына деген оң көзқарасты қалыптастыру, отбасы құндылықтарын насихаттау, отбасы институтын нығайту, қыздар мен әйелдердің ұрпақты болу денсаулығын сақтау болды. Тренинг ретінде «Қазақстан жастар одағы «Youth Challenge» қоғамдық қорының өкілдері Ерсин Айдарғазин және Айгүл Жұмағалиева шақырылды.

Тренинг стратегиялық сессия форматында және әркім өз пікірін білдіре алатын диалог түрінде өтті. Тыңдаушыларға ерлердің әйелге деген құрметті қарым-қатынасы және керісінше, махаббаттың

5 белгісі, бақытты отбасылық өмір шеңбері сияқты жағдайлар қарастырылды. Қатысушылар төрт топқа бөлініп, әр топ отбасындағы түсіністік пен ұжымның негізі болып табылатын ойларындағы бақытты отбасы үйін сипаттады. Сондай-ақ, жоба аясында Баянауыл өңіріндегі жас отбасылар арасында «Мерейлі отбасы» аудандық байқауын өткізу жоспарлануда.

**Жанат Сарбасов,
«Білім» білім беруді және
мәдениетті дамыту қоры» ҚБ жетекшісі**

ЖАЯУ МҰСА БАЙЖАНҰЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 190 ЖЫЛ

(Соңы. Басы алдығы нөмірде)

«Кезекті бір айдаудан босанған Иманжүсіпті «Қияметтік доспын» деп өз ауылына шақырып, сыйсияпат көрсеткен болып жүрген сол кездегі Шәріп деген болыс, өзі елге жайсыз, мансапқор, реңі де сап-сары сүйкімсіз жан болғандықтан жұрт оны «Сармойын» деп атап кетіпті. Сармойын басқарып отырған ел Иманжүсіп пен Сармойын қонаққа келе қалса әншіні көкке көтеріп, әлпештеп, ардақтап, құрмет көрсетіп, өздерінің болысын елең қылмайды, ескермейді. Сармойын Иманжүсіптің ел алдындағы осы беделін көріп, өресіз пендешілікпен қызғанып, опасыздық жасап, жер-көкке сыймай тағдыр тәлкегінде жүрген Иманжүсіпті ақыры ұстатып жібереді. Иманжүсіптің осы бір жойқын әні сол оқиғаға байланысты шығыпты», дейді, ел сөзі, Қаныш аға, деп көкейімдегі сөзді осылайша тез-тез айтып жібердім.

Қаныш аға көзіне тұнжыраған ой тұнып, іштей тынып, үн-түнсіз басын изей берді. Сөйтті де: – Бір көзімізді бір көзімізге жау ғып қойған заманға не дейміз... Шорманов әулеті мен Жаяу Мұсаның әулеті өзді-өзі ағайын еді, күндердің күнінде сол таласып жүрген жеріне басқа біреулердің ие болатынын білді ме екен, шіркіндер? Әрине, кім біліп жатыр, оны. Болжаусыз бір өмір ғой, әншейін. Сол талас-тартыстың әлегі мен әуресі Жаяу Мұсаны өмірбақи жаңағы өзің айтқан Иманжүсіп сияқты сергелдеңге салып қойыпты. Мына бір әнін бала кезімізден білеміз. Келе-келе ұмытылды. Оны жаңғыртып айтатын әншілердің көзі кетті. Бұл әннің дақыртын ел кісілерінен, Жүсекеңнен естуші едім. Өлмепті есіл ән! Жүрекке ауыр тиеді екен... - деп демін ішіне тарта күрсінді.

Кәукен Кенжетаевтың әңгімесі осылай шертілді. Мұрат көлді де: – Қаныш аға, Кәукенге мың да бір рахмет! Сіздей ұлы адамның жан жылытар ықылас-пейілі біздей қарапайым пендеге үлкен демеу, құрмет қой. Мен өзіңіз туған Баянауланың сонау Шама секілді ерен әншілерінен бастап, бәр-бәрінің әндерін айтумен келемін, соның бірі жаңа өзіңіз тыңдаған Жаяу Мұсаның дүйім жұртқа белгісіз әні «Шормановқа» деп аталады екен. Мұны мен Қали Байжановтан алдым. Осы ән сегіз жылға сотталған ауыр күндерде жанымға қуат болып еді. Жаяу Мұса құсап көтердім бар азапты, Қаныш аға. Ая, енді, өзіңіз Затаевичке жаздырған біраз әндеріңіздің ішінен «Хорланды» айтып берейін, - деді.

Қаныш ағаның аққұба жүзінде оймақтай ғана қызыл рең білініп, қоңыр көзінен шуақ тарап, мейірлене бас изеді.

Мұрат Толыбаев Естайдың «Хорланын» махаббаттың орындалмаған мәңгі арманы етіп, өкінішті жүректерді сыздатып жатты.

Кәукен Кенжетаевтың осы әңгімесі есімнен шықпай қойды. Осы жайды бір жолы сұрағанымда Кәукен былай деді:

– 1942 жылы Мұратқа «Қазақстанға еңбек сіңірген артист» атағы беріледі екен, «кешегі тобанақ малшының жеткен жерін қара» дейтін сөз гулеп ала жөнелді. Соғыс сұрапылының алғашқы жылы. Радиодан: «немістер кейбір қаланы басып алды» деген сөзді естігенде Мұрат: «ойбай-ау, мына Совет өкіметінен не қалады?» деп айтып жүр деген жаламен көрсетінді боп, КГБ-ның тергеуіне түсіп, ақыры сотталып тынды. Сол ауыр күндерде жазықсыз жапа шеккен Мұрат тайгада ағаш кесіп, Кузбаста шахта азабын көріп, сегіз жылдай тағдыр тәлкегін бастан кешті. 1950 жылы Мұрат түрмеден босады. Елге оралды. Бірақ өз үйіне паспорттың тіркемеді. Мұрат тағы да сергелдеңге түсіп, сонау Ұзынағашта біреудің үйіне тіркелді. Осы қиянатты естіген Мәдениет министрі Ильяс Омаров Мұратты өз үйіне тіркетті, театрға қайта орналастырды. Бір күндері Мұрат айықпас дертке шалдықты. Бір жыл тоғыз ай төсек тартып жатты. Сол күндері оған «Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген әртісі» атағын берді. Әріптестер: «Баяғы ұсталар кезде алатын атағы ғой» деп күңкілдеді. 1967 жылы тамыздың екісі күні Мұрат Толыбаевтың үлкен жүрегі тоқтады. Мұратты Күләш пен Манарбек жатқан жерге жерледі. Бір ғұмыр өтті осылай. Бәріміз әншіміз, бірақ, Мұрат толғайтын әндерді біз айта алдық па, тегі? Айта алсақ, Жаяу Мұсаның жаңағы бір «Шормановқа» деп аталатын жойқын әніне неге бара алмадық? Ая, ол әнді Қаныш Сәтбаевтай ғұлама жан Мұрат Толыбаевтан тауып, іздеген жоғы табылғандай пешенесі жарқырады... Кәукен Кенжетаевтың осы әңгімесі түрткі болып, кейін Мұрат Толыбаевтың тағдырын зерттеп, «Сегіз жылдай сергелдең» деп аталатын деректі әңгіме жазып, ол радиодан берілді, кітаптарыма шықты...

Киргизский жәрмеңке

Бұл ән – «Киргизский красивай» деп те айтылады. Ұмытылған. Кейде бағзы бір әншілер білетінін байқатып жүреді. Тыңдай қалсаң, еріксіз елең етіп, ешбір әнге ұқсамайтын жаратылысына таңғаласың. Жаяу Мұсаның ілкімді жүрегі, сергек сезімі орыс тіліне де жетік екендігін сездіріп, қызықтыра бас шайқатып, күлкіге булықтырып, мәз қылады. Ән сөзінің тілі де өткір. Жігітшіліктің де қызулы лебін бұрқ еткізеді. Оны тыңдаған жан енжар көңілмен селқос қана



ЖАЯУ МҰСА
«ТОЛҒАУ»

бұйығы сезімде отыра алмайды, жастық шағы есіне түсіп, бойына ыстық қан тарағандай қозғалақтай қалады. Салқын тартқан көңіл шуақты сезіммен жайраң қағады. Өмірден қанша тауқымет, тәлкек, қағажу көрсе де иіле қоймайтын, иә, өз барқын өзі көтере сөйлейтін өр мінезді Жаяу Мұса:

*Алашқа атым шыққан
мен бір тұлпар,
Қыздарын орыс,
қазақ қылдым іңкәр.
Үйректі қарапайым суға жығып,
Қаз ілген айдын көлден мен
бір сұңқар.*

*Киргизский красивай.
Қыздарының сұлуы-ай!
Я прошу поцелуй,*

Не женатый холостой! - деп жер-көкке симай бұлғақтап, кәусар әуеніне ие бола алмай, құйқылжыта төгіліп, шалқиды кеп.

Осы еркелік қай серіде бар еді, Біржан салда ма, Ақан серіде ме, әлде гәккулеткен Үкілі Ыбырайда ма, жоқ... Бұл шіркіндердің еш-қайсысында жоқ еркелік! Осылайша төгіліп:

*Қыздардың қызыл ала
жасылы бар,
Төсінде алақандай асылы бар.
Жігітті нар көтермес*

*қыз көтерген,
Шіркіннің қай жерінде
тәсілі бар?! - деуі*

кезінде сол Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырай, Балуан Шолақтардың есін шығарып, таң-тамаша қалдырған дейтін сөздер ел ішінде осы күнге дейін аңыз болып айтылады да жатады.

Жаяу Мұса 1929 жылы дүниеден

қайтты. Содан кейін бұл әнді кезінде ағыл-тегіл сезіммен орындаған ескі әншілердің де бірте-бірте көзі кетіп, ұмытыла бастаған-ды. Осы жолдардың авторы 1980-шы жылдан бастап, сал-серілерді, әлбетте, оның бәрі халық композиторы ғой, осы кереметтердің өмірін, әндерін ыждағаты түрде зерттеп, жинастырып, ретке келтіріп, радионың қорына жаздырып, кеңінен насихаттап, теледидардан көрсете бастады. Дәл осы кезде әнші Қайрат Байбосынов Жаяу Мұсаның белгілі, белгісіз әндерінің ішінде «Киргизский красивай» әнін орындап, дүйім жұртты елең еткізді. Жаяу Мұса осы әнмен өзінің беймәлім қырын ашқандай болды. Қанша естен шықты, елеусіз қалды, ұмытылды десек те классикалық әндер қын түбінде жатқан алтын қылыштың сынығындай болып Қайрат Байбосыновтай шалқар шабытты әншінің құдіретті үнімен қайта оянып, өзінің екінші өмірін бастайды екен. Сал-серілердің ұлы ұстазы Біржанмен кезеңі бір Жаяу Мұсаның өзгеше жаратылған әндерінің көркем галереясында «Киргизский красивай» өрнегі мол үн бояуы жақұттай жарқыраған күйінде әнші біткеннің көз жауын алып, оны жеріне жеткізіп айта алмағандарды ішқұса қылып, мысын құртып, әдемі қалпында сынын бұзбай, ажарын бермей қызықтырады.

Илья ЖАҚАНОВ,
«Егемен Қазақстан» газеті,
2021 жыл

МӘҢГІЛІК САҒЫНЫШ

САҒЫНДЫҚ СЕНІ, ЕРНАР!

Мәңгілік сағынышқа айналған аяулы баламыз **Ернар Бөкенбайұлының** дүниеден өткеніне бес жыл болды. Еңсемізді езіп, қабырғамызды қайыстырған қаза бәрімізге өте ауыр болды.

Баламыз жастайынан оқуға, білімге ерек еді. Мектепті өте жақсы тәмамдап, өз қалауымен Қарағанды медицина академиясына оқуға түсті. 1999 жылы академияны емдеу бөлімі бойынша тәмамдап, академия қабырғасында жұмысқа қалды. 28 жасында студенттерге арналған емхананың бас дәрігері болып тағайындалды. Одан кейін 2011-2013 жылдары Қарағанды қаласының «Аманат», 2013 жылы Қарағанды облысы, Абай қаласы емханасының бас дәрігерінің орынбасары, 2014-2018 жылдары Республикалық көпсалалы аурулар орталығының Қарағанды облысы бойынша филиалының емханасының бас дәрігері болды. 2011-2013 жылдары Академияның магистратурасын үздік бітіріп, 2018 жылы докторантурасын тәмамдап, PhD докторы атағын алды. 2014 жылы «Болашақ» бағдарламасы бойынша Швецияда (Стокгольм) халықаралық «Стюардшип» бағдарламасын меңгерді.

Медицина саласында 5 ғылыми еңбек жазып, оның екеуі халықаралық мәліметтер базасында (Scopus) тіркелді, «Жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алу» бағытындағы ғылыми жобасы зияткерлік меншік болып танылып, патенттелді. Кейінгі 2018-2020 жылдары Қарағанды медициналық университетінің «Жалпы практикалық дәрігер» кафедрасының профессоры болып қызмет етті. 2020 жылы «Қазақстан Республикасы медицина саласының үздігі» төсбелгісімен марапатталды.

Ернар баламыз өте бауырмал, ашық-жарқын мінезді еді, көп адамдарға көмегі, шарапаты тиді. Баянауылдан медицина университетінде оқитын балаларды назарында ұстап, оқуларын ойдағыдай аяқтауларын қадағалады. Өз балалары-



мен бірге бауырларының басын біріктіріп, оларға қамқор бола білді, бізді, ата-анасын да аялады.

Докторантурасын бітірген соң, Баянауылда науқас балаларға арналған профилакторий ашпақшы болып, көлдің жиегіне үй салдырды. Арманы көп еді, өттең ғұмыры қысқа болды...

«Орнында бар оңалар» демекші, сол жылы жоғарғы оқу орнына түскен Ерасыл оқуын тәмамдап, қазір Астана қаласында жұмыс істеп жүр. Қызы Айзада 2-ші курсын тәмамдады, ағылшын пәнінің мұғалімі мамандығын меңгеруде, Аянасы мектеп оқушысы.

Алғашқы жылдары Қарағандыда жүр деп елестететінбіз, уақыт өткен сайын оның жоқтығы сезіліп, мәңгілік сағынышымызға айналды. Ернар баламыздың бейнесі жанымыздан кетсе де, жадымыздан өшпейді. Жылда туып-өткен күні, яғни, 12 шілдеде еске алып, дұға қыламыз. Жан құлынымның жатқан жері жайлы да жарық болып, орны жәннаттың төрінен болсын!

Еске алушы: әкесі Бөкенбай, анасы Мариам

ЕСКЕ АЛУ

РУХЫҢЫЗ ПЕЙШТЕ ШАЛҚЫСЫН!

Жүйткіген жүйріктей, аққан жұлдыздай зулап өтіп жатқан уақыт-ай... Қадірлі де қымбатты әкеміз, ардақты атамыз **Сағадат Ысқақұлының** өмірден өткеніне де 5 жылдың жүзі болыпты. Асыл әке, сіз осынау келте ғұмырыңызда өз ортаңызға нағыз өнегенің, мейірім мен сабырдың жарқын үлгісін көрсетіп, ғұмыр кештіңіз. Сіз әрқашан отбасыңыз үшін өмір сүрдіңіз, үлкенге ізет, кішіге қамқор болдыңыз. Жақсы мен жаманды айыра білуді, адалдық пен ар-ұятты үйреттіңіз.

Сізді еске алу бізге үлкен борыш, үлкен парыз. Өзіңіз өмірден өтіп кетсеңіз де жарқын бейнеңіз мәңгі есте қалды. Сіз біздің жүрегімізде мәңгі тірісіз... Сізді сағынған жақындарыңыздан, ұрпақтарыңыздан дұға үзілмейді.. Алла Тағала өзіңізді рақымына алсын. Жатқан жеріңіз жарық, мекеніңіз жәннаттың төрі болғай.



Еске алушылар: жұбайы Ханифа, балалары, немерелері және жиендері

СОТ

МЕДИАЦИЯ ТӘРТІБІНДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІ ҚАРАУ

2011 жылдың тамыз айынан бастап, ҚР-ның «Медиация» туралы Заңы қабылданды. Медиация дегеніміз – медиатордың көмегіне жету үшін дау, жанжал әрекетінен өзара жәрдемдесіп өз еркімен жан жақпен келісіп шешімді рәсімдеу болып табылады. Медиация қолдану аясында дау жанжал әрекеттері азаматтың еңбегі, ерлі-зайыптылардың құқық қатынастарын қатыстыру ретінде ҚР-ның Заң ережелерінің негізгі талаптарына сай қарастырылған. Жәбірлеушінің өтініштерін қарау мақсатында ауыр және онша ауыр емес қылмыстық істерді жүргізу негізінде қолданысқа енеді.

Медиация рәсінде тараптардың арасындағы жанжал, дау мәселелерді шешетін жоғары орындаушы жағынан, мемлекеттік орган қылмыстық істерге қатысты жемқорлық, сыбайластық сияқты медиациялық тәртіпке сай мемлекеттік қызметкерлер араласады. Екі жақтан ерікті түрде келіспей қалған жағдайда, некенің бұзылуы, ата-аналардың құқығы, отбасылық жағдайларға

байланысты болады.

Медиатор тәуелсіз, жеке тұлға болатын құбылыс. Медиатор – ол кәсіпқой немесе кәсіпқой емес негізінде тараптардың дау, жанжал мәселелерді шешетін тәуелсіз жеке тұлға болып есептеледі. Және де ҚР-ның заңына сай қарастырылған. Медиация дау, деңгейі сот қарастырушы ретінде істің отыз күн ішінде қаралып шарт бойынша істің аяталуын хабарлап айтуы қажет. Медиация соңында азаматтық іс жүргізу құқығы жан-жақты анықталып, дереу тоқтатылады. Сотқа жіберілген іс бойынша, іс қозғап азаматтық істері анықталып дау дәйектер жазбаша немесе хабарлама түрінде дереу тоқтатылуы қажет. Аталғандай іс жүргізу үшін басты талап екі жақты келісілген тату, келісім болуы қажет. Азаматтық іс бойынша зардап шегуші, айыпталушы тарапынан татуластық өзара өз еркімен келісімі болған жағдайда. Сотта азаматтың ісі анықталып жіберу, өзгерту, тоқтату мақсатында азаматтық тәртіпке шақырады.

С.Уалиева,
Баянауыл аудандық сотының бас маманы

ОБЪЯВЛЕНИЕ

В ТОО «Агро-Даму» требуются механизаторы, комбайнеры, зав.склад. Питание и проживание бесплатно. контактный телефон: +7 777 435 6062 Руслан Дауренович.



«Баянтау» газетінің
редакциясы ЖШС

Директор:

Айдана Тұрғынбайқызы
АЙТУФАНОВА
8-702-179-10-87

Редакция автордың көзқарасы үшін жауап бермейді. Хаттар, қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Редакция оқырмандардан түскен барлық хаттарға тегіс жауап беруді және түгел жариялауды міндетіне алмайды. «Баянтауда» жарық көрген материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Нөмірді әзірлеу барысында интернет ресурстарынан фотосуреттер пайдаланылады. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2006 жылы 18 мамырда тіркеліп, №7250-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына 1 рет, бейсенбі күні шығады.
Таралымы: 1600 дана
Көлемі: 2 б.т.

Газет «Баянтау» газетінің редакциясында теріліп, беттеліп, «Баспа үйі» ЖШС баспаханасында басылады.

Баспа мекен-жайы: Павлодар қаласы, Астана көшесі, 143-үй.
Газеттің сапасы мен уақытында шығуына баспахана жауап береді.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Павлодар облысы, Баянауыл ауданы,
Баянауыл ауылы,
Сәтбаев көшесі, 49-үй,
Жұмыс тел: 9-28-37
Эл. пошта: redakciyabayantau@mail.ru
Instagram: @bayantau_gazeta
Facebook: Баянтау газеті

ҚАНДАЙ ЖАН ЕДІ?

АТАМНЫҢ ӨМІРІ ӨНЕГЕГЕ ТОЛЫ

Биыл менің атам – Бәгімов Сағымбек Бекбауұлы тірі болғанда 88 жасқа толар еді. Әттең... бірде бір немересінің «Ата!» деп еркелегенін естімей, кете барды. Мен атамды көрмесем де, ол кісінің өмір жолың, елге сіңірген еңбегін үлкендерден естіп жүремін. Әкем, туған-туыстар атам туралы сағынышқа толы әңгіме айтқанда, мен оны көз алдыма елестетіп, «қандай адам болды?» деп іштей сұрақ қоямын. Бірақ бір нәрсені анық білемін, ол кісі жай ғана еңбекқор емес, халқының шын жанашыры болған.

Атам Сағымбек Бәгімов өзінің еңбек жолын қарапайым колхозшыдан бастапты. Бүгінгінің баласына елеусіз көрінуі мүмкін бұл қызметтің артында қаншама маңдай тер, адал еңбек, табандылық жатыр. Ол кісі ауыл шаруашылығының талай саласында тер төккен екен. Есепші де болыпты, бригадир де, мал санитары да, диспетчер, нормалаушы да, барлығында да абыроймен еңбек етіпті. Жұмыс таңдап, ауырынан қашпаған. Қай салада жүрсе де, ұқыптылығы, тәртіпке беріктігі, ұйымдастырушылық қабілетімен көптің алғысына бөленіпті. Атамның елге сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Осы адалдығы мен табандылығының арқасында совхоз басшылығы Сағымбек Бекбауұлы Бәгімовты кәсіподақ комитетінің төрағасы етіп тағайындады. Ал ел ішіндегі беделі мен қарапайым халықпен етене байланысы, ақыл-парасаты мен елге деген жанашырлығы ескеріліп, Баянауыл совхозы ауылының тұрғындары оны бірауыздан ауылдық кеңестің төрағасы етіп сайлады.

Атам жайлы әр айтылған естелік менің жүрегімде мақтанышпен өріліп тұрады. Елінің артқан сенімін арқалап, ешкімнің көңілін қалдырмай, абыроймен еңбек еткен жан болған. Қызмет жолы шен үшін емес, халық үшін жасалған екен.

Жақында әкем Қуанышбек Сағымбекұлы мені Қаражар ауылына ертіп апарды. Сол сапарда біз атаммен қызметтес болған, бүгінде жасы 90-ға келген аяулы Кукумбаева Бикежан апамен жолықтық. Әкемді көрген апам көз жасын тыя алмай, әжем – Үміттің жағдайын сұрап, «Сағымбектен ерте жесір қалды ғой...» деп үнсіз тұрып қалды. Жан тербеткен сәт... сөзсіз, сыр көп...

Бикежан апамыз сол күндерді былай деп еске алды:

– Мен Қаражардың тумасымын.



Ауылдың іргесін қалағандардың бірімін. Қазір зейнеткермін. Сағымбек сельсовет болды, рабочком болды. Халықтың ісімен күн-түн жүретін. Сол кісінің көмегімен партияға өттім. Жұмысын жанын салып атқаратын, ашу шақырмай, сабырмен бәрін түсіндіретін, жол көрсететін.

Жанашыр еді. Е, өткен күндерден белгі жоқ дейді ғой, міне, Сағымбектің кеткеніне 37 жыл болыпты. Қайран өмір-ай...

Кукумбаева Бикежан апа сөзін әрі қарай жалғап, өзінің де өмір жолымен бөлісті:

– 30 жыл сауыншы қызметін атқардым. Сағымбек қай лауазымда болмасын әрқашан керегімізді біліп, қол ұшын беріп отырды. Ауыр жұмыстармен де айналыстық. Ауданға да, совхозға да шақырды, еңбегімді бағалады. Үш поток бұзау асырап, мыңдаған төлге қарадық. Ол кезде бірлік те, береке де бар еді.

Осы сәтте әкем: – «Қазаққа «әкең өлсе де әкенді көрген өлмесін» деген аталы сөз бар ғой», – деп күрсінді.

Расында да, бүгінде атамды танитын, бірге қызмет еткен адамдардың қатары сиреп барады. Дегенмен, олардың айтқан жылы сөзі мен шынайы құрметі – атамның өмірде бос жүрмегенін, артына өнеге қалдырғанын көрсетеді.

Артында қалған ұрпағы барда Бәгімов Сағымбек Бекбауұлы ұмытылмақ емес. Немерелері мен шөберелері ол кісінің есімін естелікпен ғана емес, іспен де жалғауға тиіспіз.

Жатқан жеріңіз жайлы, топырағыңыз торқа болсын, асыл Атам! Ұрпақтарыңызға Алла ұзақ ғұмыр, амандық берсін!

**Ботагөз Сағымбек,
немересі**

АПАТ АЙТЫП КЕЛМЕЙДІ

ТАБИҒАТТЫҢ ТОСЫН МІНЕЗІНЕ ТОСҚАУЫП БОЛУ ҚИЫН

Ағымдағы жылдың 19 маусым күні құтырына соққан дауыл Баянауыл жұртшылығының зәре-құтын қашырғаны рас. Желдің жылдамдығы секундына 40 метрден асты. Мамандардың айтуынша, мұндай көрсеткіш облыста бұрын-соңды болмаған. Дауылдың салдарынан ағаштар сынып, шатырлар ұшты. Келтірілген шығын да аз емес. Баянауыл ауданы әкімдігі таратқан ақпаратта бұзылған нысандар қалпына келтірілуде. Ең көп зардап шеккен Майқайың кентінің іші құлаған ағаштардан толығымен тазартылған. Христенко көшесі, 27-үйдің төбесін қалыпқа келтіру мақсатында ағаш тіректері жасалып, материалдар жеткізіліпті.

Дауылдың залалы жайлы аудандық Төтенше жағдайлар жөніндегі бөлімнің басшысы Азамат Қожабердиев былай дейді:

– Аудандық Төтенше жағдайлар бөліміне түскен хабарламалар негізінде 121 ғимарат зардап шекті деп тіркелді. Олардың үшеуі – білім мекемелері, 36-сы – көпқабатты тұрғын үйлер, яғни, екі, үш, төрт, бес қабатты үйлер. Сонымен бірге, 75 жеке тұрғын үй, 2 әкімшілік ғимарат, 3 дүкен және өзге де нысандар бар. Зардап шеккен ғимараттардың басым көпшілігі Майқайың кентінде болса, бірлі-екісі Шөптікөл, Сұлжон, Үшқұлын және Жаңажол ауылдық округіне қарасты Қарашоқы, Бірлік ауылдық округіне қарасты Ақмектеп ауылдарында орналасқан. Дауыл салдарынан Баянауыл ауданы әкімінің 23 маусым күнгі шешімімен ауданда төтенше жағдай режимі жарияланды. Үкіметтің арнайы шешімімен табиғи зілзаладан жапа шеккен жеке тұрғын үй иелеріне 100 айлық есептік көрсеткіш (393 200 теңге) көлемінде біржолғы әлеуметтік көмек көрсетілді. Бұл көмек – табиғи апаттың салдарынан тұрғын үйі бүлінген азаматтарды қолдау мақсатында көрсетілетін біржолғы өтемақы. Қазіргі уақытта барлық зардап шеккен жеке үйлердің иелерінен өтінімдер қабылданып

жатыр. Келтірілген материалдық шығындарды тәуелсіз сарапшылар есептейді. Зардап шеккен тұрғындардан Төтенше жағдайлар бөлімі, я, болмаса басқармасының анықтамасы (жарамдылық мерзімі – 6 ай), мүлікке құқық белгілейтін құжаттары, банктік шоттың болуы туралы хабарлама және жеке куәліктің түпнұсқасы және көшірмесі қабылданады.

– Аптаның алашқы күні жел тұрып, дауыл тағы да көтерілді. Ел аман, жұрт тыныш па?

– Иә, дүйсенбі күні желдің жылдамдығы секундына 24 метр болды. Майқайың кентіндегі қосалқы станциясында №2, №4 фидер істен шығып, салдарынан электр желілері өшті. Ақсу қаласы және Баянауыл ауданы орталығынан арнайы бригадалар келіп, жарықты таңғы сағат 5-6 шамасында қалпына келтірді. Бір тұрғын үйдің шатырының ұшқандығы туралы факті тіркелді. Сонымен, бірге, Майқайың кентіне қарама-қарсы тұрған «Шолпан» жанармай бекетінің трансформаторы құлаған. Ол – жеке меншік нысан.

Р.С.: «112» өз жұмысын тындырып-ды атқарып келеді. Табиғат апаты

орын алуы мүмкін аймақтардағы тұрғындар қауіп туралы алдын ала хабар алып отырады. Күн сайын ұялы телефонға келіп түсетін ескертулер азаматтардың қауіпсіздігін сақтауды мақсат етеді. Бір өкініштісі, бұған құлақ түретіндер аз. Ескертуді елең қылмайтындар басына түсетін қауіпті ескерместен, тауға да шығады, суға да түседі. Тіпті, дауылды күні шатырға да шығады. Негізінде, дауылдан сақтанудың ең бірінші жолы – төніп келе жатқан табиғат апаты туралы барлық тұрғындарды құлақтандыру. Бұл міндетті төтенше жағдайлар жөніндегі қызмет өкілдері дер кезінде орындап отыр десек қателесе қоймаспыз. Одан кейінгі қауіпсіздік ережелерін сақтау тұрғындардың өздеріне жүктеледі. Қазақтың «сақтықта қорлық жоқ» деген сөзі санада сақталуы шарт. Әр адам өз өмірі үшін өзі жауапты. Сондықтан, бәріне бірдей бей-жай қарайтын әдеттен арылу керек. Бейқамдықтан арылатын кездің әлдеқашан жеткеніне назар аударған жөн.

Айдана ТҰРҒЫНБАЙҚЫЗЫ